Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бұл не? Кімге керек?» **Міндеті:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	**Үстел үсті ойындары: “Басқатырғыш”, “Құрастырғыш”.** Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар, құрастыру, сөйлеуді дамыту)**	**“Дәл осындай гүлді тап” үстел үсті ойыны. Мақсаты:** Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**Қадыр Мырза Әлидің “Сары” атты тақпағын жаттау.** Сәлем беріп, Сән көріп, Сүйгеніңді ал, Бәрін ал! Сары шабдал, Сары өрік, Сары ірімшік, Сары бал. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**.	**“Қуыршақ қонаққа барады” дидактикалық ойыны. Мақсаты:** Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**
Таңертеңгі жаттығу	№2 Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. **«Алақанның жылуы»** Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар	**“Суреттерді орналастыр” дидактикалық ойыны: Мақсаты:** Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауды дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	**“Қай қолымда көп?” дидактикалық ойыны.** Мақсаты: Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	**Қимылды ойын:** «Ұшады-ұшпайды» **Мақсаты:** Құстар мен заттардың айырмашылығын табу	«Серпілген сауал» әдісімен жыл мезгілі туралы сұрақтар қойып, жауап алу мақсатында ойын жинақтауға жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)**
	Денешынықтыру	**Денешынықтыру**	**Қазақ тілі**	**Денешынықтыру (таза ауада)**	**Денешынықтыру**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру Ұйымдастырылған іс-әрекет Міндеттері:** белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Жүру.** арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру **Жүгіру** қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.	**Ұйымдастырылған іс әрекет Кіріспе Міндеттері:** негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; **Жүру,жүгіру.** Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Кедергілерден «жыландай» иреленеп жүріп өту. **Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** Қатарға сапқа тұрып доптармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Шынтағын бүкпеуге, еңкейгенде тізесін бүкпеуге назар аударады. **Негізгі қимылдар.** Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру – бүгілген	**Ұйымдастырылған іс әрекет Кіріспе Тақырыбы:«Күзгі табиғат құбылыстары» Міндеттері:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Шаттық шеңбері.** Үлкенгеде сіз Кішіге де сіз, Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз.	**Ұйымдастырылған іс әрекет Кіріспе Міндеттері:** қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; **Жүру,жүгіру.** Бір қатармен сапта жүру, бағытты сақтап шеңбер бойымен жүгіру, саптан шығып кетпеу. Залдың бір шетінен екінші шетіне бір қатарға тұрып саппен жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар. «Аяқтар».** Аяқтарым қаз-қаз, бір, екі, үш! Жолда түзу қадам бас, бір, екі, үш! Шат көңілді боламыз, бір, екі, үш!	**Ұйымдастырылған іс әрекет Кіріспе Міндеттері:** жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; **Жүру,жүгіру.** Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен жүгіру. Ойын-жаттығуы: «Музыкалы жұмбақтар» – ормандағы қонжықтың достарының қимылдарын көрсету. Музыка мен қимылдың үйлесімділігене назар аударады. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** 2 қатарға тұрып, текшелермен жалпы дамыту жаттығуларын жасау – қолдың шынтағын бүкпей созып ұстау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде жасау. Ирек жолмен жүру **Негізгі қимылдар.**

	1. Жалпы дамытушы жаттығулар. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. **Кеудеге арналған жаттығулар:** солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); **Аяққа арналған жаттығулар:** отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. **Тыныс алу жаттығуларын жасату** Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» Қорытынды **Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақырыбы «Балабақша»** **Міндеттері:** балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың	шынтақтарын жылдам жазып қолды созу, допты лақтырғанда бағытына дұрыс траектория беру. Берілген белгі бойынша орындалатын жаттығудың реті – сапқа тұру, алғашқы қалыпты сақтау, допты лақтыру, доптыңсоңынан жүгіру, қатардың қасына келіп тұру. **Қимылды ойын: «Доп»** **Шарты:**Тәрбиеші ойынды бір баламен ойнаудан бастайды. Қолын оның басына қойып, доп сияқты секіруді ұсынады. Бала қос аяқтап секіреді, ал тәрбиеші мынадай өлең айтады: Секең, секең секеңдеп, Қайда зырлап кетпес доп. Төмен, төмен, төмендеп, Жерге жетер-жетпес боп. Доп болып осылай секіргісі келетіндер міндетті түрде табылады. Тәрбиеші әрқайсысымен кезекпен ойнайды. **Ұйымдастырылған іс-әрекет** «Жемістер жыры» Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңның, Куанышым,шаттығын Қайырлы таң ! Қайырлы күн -Балалар алмалар,жемістер қайда өседі? Суретпен жұмыс. Балалардың жауаптарын тыңдау.Жемістердің	**Нұсқау беру:** балалар , қазір мына дыбыстарды естіп, ненің дыбысы екенін айтыңдаршы. (Найзағай, жаңбыр , желдің дыбыстарын тыңдату) **(қоршаған ортамен таныстыру)** Кемпірқосақ туралы балаларға түсіндіру және суретін салу.**(сурет салу)** Бұлттың суретін қағазға жапсыру(**жапсыру)** Еркін ойын : «Бауда ма бақшада ма?» Кері байланыс ұсыну: мақтау,мадақтау арқылы	Біз бақытты баламыз, бір, екі, үш! Ескерту: Саптар бір-біріне кедергі келтірмеу керек. Негізгі қимылдар. Кегельдердің арасымен жолда«ирелеңдеп» жүру, қолдарын екі жаққа созып жүру. Дене бітімін тік ұстап, табанымен арқанды басып жүруге назар аудару. Бір орында тұрып, екі аяқпен жоғары секіру.(жаппай 6 - 8 рет). Сәл отырып, жерден екпінді түрде итерілу және аяқтың жазылуы есебінен бір орында секіру керек екеніне назар аударады. **Қимылды ойын: «Маған қарай жүгір»** **Ойын шарты:** Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп	Таспамен жасалған жолмен жүріп өту – текшелерді қонжықтың себетіне жинау.Тепе-теңдікті сақтауға, дене бітімін тік ұстауға, текшелерді созылған қолмен екі жақта ұстауға назар аудару. Доға астынан еңбектеу (биіктігі – 40см). Ойын жаттығуы: «Қонжықтай еңбектеп өт» – рет-ретімен үш доғаның астынан еңбектеп өту, қатардағы өз орнына келіп тұру. **Қимыл-қозғалыс ойыны:«Қақпаға түсір»** **Шарты:**Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір-бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. бала допты домалатып, қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға тәрбиеші енді дем алуды, басқалардың қалай өткізетінін көруді ұсынады. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңберін жасау.

	міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. **Шаттық шеңбер:** Үйретеді әдепке, Таза болып жүруге, Бір-бірімен сыйласты, Татумыз біз баршамыз, Бал достықтың ұясы, Біздің балабақшамыз. Балалар біз топта не істейміз? Балабақшада неге үйренеміз? Дұрыс, біз топта сурет, салуды, санауды үйренеміз. Топта не бар? -мынау не? Кілем -Мынау ше? -Есік -Ал мынау терезе. **Дид.ойын «Жұбын тап»** **Сергіту сәті:** Кәне, қанат жазайық Қарлығаш боп ұшайық Ұшып, ұшып алайық Орнымызға қонайық. Суретті көрсете отырып, сұрақ жауап арқылы оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету.	пайдасы туралы әңгімелеу**.(сөйлеуді дамыту** Алманың суретін салу. **(сурет салу)** Өлеңді оқып беру,қайталату. -Мен шиемін ,шиемін Күннің көзін сүйемін Қышқыл шырын менде бар Басымды төмен иемін**!(көркем әдебиет)** **Нұсқау беру:**балалар өлеңде айтылған шие жеміс па?,көкөніс па? -Жемістердің қандай пайдасы бар? Сергіту сәтін өткізу. **Қорытындылау**		барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Тақырыбы:«**Үй жиһаздары**»** **Міндеттері:** **Ұйымдастыру кезеңі:** Балаларды шаттық шеңберіне шақырып, бірін-бірі құшақтау арқылы достықтарын білдіруді ұсыну. Ойыншық суреттері арқылы топтарға бөліну. **Күтпеген сәт** : Балалар бізге қонаққа Асан қуыршақ келіпті .Ол өзінің үйіндегі заттардың, мүліктердің атын білмейді екен. **(сөйлеуді дамыту)** **Нұсқау беру:** балалар сендер Асанға алдарыңдағы заттардың, үй мүліктерінің атауларын айтып бере қойыңдаршы. (үй жиһаздары ойыншықтары алдын ала таратылады) **Ойын:** «Үй жиһаздары» **Шарты:**Қима суреттерден жиһаздар құрастыру**.(құрастыру)** Балаларға сурет арқылы жиһазардың қайда тұратыны	.**П.ж.ж ойын:** «Қуыршақты киіндірейік» **Тосын сәт:** Айша қуыршақ келеді. Ойын: «Кай кезде киеміз» **Нұсқау беру:**балалар ,бізге Айша қуыршақ келіпті : Ол жаурап қалыпты.Далаға қарайықшы . Ауа райы қандай екен бүгін**?** **(қоршаған ортамен таныстыру)** Себебі күз мезгілінде қандай киім киетінін білмейді екен. Қуыршаққа көмектесеміз ба? -Ендеше күзде киетін киімдердің атын айтайықшы. Балалардың жауаптарын тыңдау. -Балалар суретке қарап күзде киетін киімдерді топтасып таба қойыңдаршы. -Күзде киетін киімдер қандай болады екен? **Еркін ойын «Не үшін керек?»** **Кері байланыс ұсыну:** Мақтау,мадақтау арқылы.

	Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту) (қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері**			жайлы әңгімелеу**.(сөйлеуді дамыту)** **Қорытынды.** **Кері байланыс беру.**	
Серуенге дайындық	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімін мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№1** Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау	**Серуен №1** **Күз көрністерін бақылау** ***Міндеті:*** *Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «КҮЗ»*** *Қ. Ыдырысов* Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. **Тәрбиеші сұрақтары:** ♦Қазір жылдың қай мезгілі? ♦Неге күз деп ойлайсыңдар? ♦Күзде ауа-райы қандай болады? ♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? **Зерттеу жұмысы** Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге?	**Серуен №2** **Тастарды бақылау** ***Міндеті****:* Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. ***Бақылау барысы*** Балаларға сұрақтар. ♦ Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? ♦ Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) ♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) ♦ Қатты тастарды атаңдар? ♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ ♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) ♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) ♦ Көмір не үшін керек? (отынға) ♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)	**Серуен №3** **Жапырақтардың түсуін бақылау** ***Міндеті****:* — табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; — бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** ***Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев*** *Алтын сары, қызыл, көк,* *Алуан-алуан жапырақ.* *Күзгі бақта күлімдеп,* *Көз тартады атырап.* *Күн шуақта маужырап,* *Жатыр еді атырап.* *Ағаштардан жамырап,* *Үшты кенет жапырақ.* **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)	**Серуен №4** **Гүлзарды бақылау** ***Міндеті****:* — Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; — Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр). ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** *- Кешкілік пе, күндіз бе,* *Өсіп тұрған гүлді үзбе.* *Туған жерді далаға,* *Тастай алмай жүрміз бе?* *Жайнап өсіп далада,* *Көздің жауын ала ма?* *Бірде бірін жұлғызба,* *Қасыңдағы балаға.* Тәрбиеші сұрақтары:. ♦ Қазір жылдың қай мезгілі? ♦ Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды? ♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар? ♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады? ♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек? ♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?

		(өйткені күн салқын немесе жаңбыр) **Еңбек** Ойын алаңын тазалау *Мақсаты:* — Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. **Қ/О:** «Ормандағы соқпақтар». *Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.* **Жеке жұмыс:** **Жалпы дамыту жаттығулары** *Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,* **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**	♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.) **Зерттеу жұмысы** Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) **Еңбек** Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. *Мақсаты:* — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ/О** «Ұшты-ұшты». *Мақсаты:* — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; **Жаттығу ойындары** Қозғалысты дамыту. *Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру* *Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу* ***«Күзгі табиғат»*** **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**	♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ♦ Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ♦ Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) **Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. **Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу *Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.* **Қ/О:** «Түлкі мен қояндар». *Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу* **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту.	♦ Гүлдерді жұлуға бола ма? **Зерттеу жұмысы:** Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай). **Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу *Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.* **Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?**».** *Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру* **Жаттығу ойындары** Доппен жаттығу *Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру* **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**

				Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау. **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту кортотекасы**№1** Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Адаптивтік компанент Тақырыбы:**«Бауырсақ» ертегісі Балалардың эмоционалды жағымды көңіл -күйін және қозғалысқа қызығушылығын туғызу. Дене шынықтыру мен дамыту ортасының таныс объектілерін қолдана отырып, түзету-сауықтыру бағдарын қолдана отырып, қимылдарды орындау қабілетін нығайту. Ертегі желісі арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **Қимылды ойын:** «Жасырылған жерін тап» **Ойын шарты:** Балалар қабырға бойында тұрады, ересек адам ойыншықты көрсетеді және оны жасыратынын айтады. Балалар ересек адамнан бұрылады, көздерін жұмады. Ересек адам	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** “Сан алуан жапырақтар”. Мақсаты: Балалардың “көп”, “біреу”, “бірде-біреуі жоқ” деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.** “Аула сыпырушы”. Мақсаты: Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту.	**Құрастырудан ойын-жаттығу.** “Сары жапырақтар жерге түсті”. **Мақсаты:** Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау.	**Адаптивтік компанент «Бізге дене тәрбиесі қажет, дене тәрбиесі әркім үшін маңызды!»»** Салауатты өмір салтын ұстауға шақыру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға баулу. кіші және кең қадаммен жүруді, қатарға қойылған заттардың арасында «жылан» сияқты жүгіруді үйрету. **Қимылды ойын:** «Кім көп ойыншық жинайды» **Ойын шарты:** Кішкентай ойыншықтар (текшелер, сылдырмақтар, сақиналар) алаңға қойылған. Балалар заттарға тимеуге тырысады. «Мынаны ал!» дегенде, ойыншықтарды тез алуға тырысады. Ең көп жиналған адам белгіленеді.

	ойыншықты жасырып: «Уақыт келді!» Балалар жасырынған ойыншықты іздейді. Кім бірінші тапса, оны қайтадан жасырады, бірақ басқа жерде.				Ереже: сигналдан кейін жинау; Сіз досыңыздан зат ала алмайсыз.
Жеке баламен жұмыс	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді **(Физикалық қасиеттерін дамыту)**	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Тілдегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету. **(коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Таңертең, күндіз,кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру **(танымдық және зияткерлік дағдыларды қалыптастыру)**	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді **(коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.**Адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру; **(әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуен	**№1** Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау	**Серуен №1**	**Серуен №2**	**Серуен №3**	**Серуен №4**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	“Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер” қабырға газеті.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	“Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі” әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. “Демалысты пайдалы өткізу”

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас!»

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 7 – 11 қазан 2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдер	Дүйсенбі 07.10.2024	Сейсенбі 08.10.2024	Сәрсенбі 09.10.2024	Бейсенбі 10.10.2024	Жұма 11.10.2024
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Әңұран айту. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілімен кеңес, әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну				
	«Балалардың тілін дамытудың негізгі әдіс тәсілдері» кеңес	«Өзінді күт» кеңес	«Тұмау» ауруының алдын алу шаралары. кеңес	Жаңадан келген балалардың ата-аналарымен бейімделу парағын толтыру.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	**“Қапшықта не бар?” дидактикалық ойыны.** **Міндеттері:** Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.	**Боямақпен жұмыс** **Міндеті:** бояғанда сызықтан шықпауға үйрету, қол ұсақ моторикасын жетілдіру, эстетикалық талғамын жетілдіру.	**“Кел, санайық санамақ” саусақ жаттығуы.** Мақсаты: Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. **(сөйлеуді дамыту)**	**Мозаикамен ойындар** **Міндеті:** қол ұсақ маторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Үлкен пазлдар жинау (4-5 бөліктен)	**Үстел үсті ойыны. “Суретті құрастыр”.** Мақсаты: Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту,құрастыру)**

Ертеңгілік жаттығу	**№1 Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**	*Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.* ***(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)***	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Әумин **(сөйлеуді дамыту)**	**Ойын-жаттығу** **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жаңылтпаш жаттау** «Қырда тырна, тырна қырда» міндеті: балалардың дыбыстық мәдениетін қалыптастыру. **(тілдік қатынас іс-әрекет)**	**Дыбыстық жаттығулар** **Күз туралы** Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. **Міндеттері**: балалардың дыбыстық мәдениетін жақсарту, сөздік қорын молайту. **(тілдік іс-әрекет)**	***Тіл ұстарту жаттығулары*** ***Ыдыс аяқ туралы*** *Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ.* ***Міндеттері:*** *артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;* ***(тілдік қатынас іс-әрекет)***	Күздың мауысымдық ерекшеліктері туралы жұмбақтар жасыиу. Құралдар: суреттер **Міндеті:** күз мезгілі туралы білімдерін қалыптастыру, олау қабілетін дамыу. **(танымдық, тілдік іс-әрекет)**	**Жаңылтпаш жаттау** Ұшты -ұшты: Кім ұшты? -Қысқыш ұшты Қыш ұшты. **(тілдік қатынас іс-әрекет)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка**	**Дене шынықтыру**	**Қазақ тілі**	**Дене шынықтыру** **(таза ауада)**	**Дене шынықтыру**
	Музыка **(пән жетекшісінің жоспары бойынша)** **Кіріспе ҰІӘ** **Көркем әдебиет, сөйлеу дамыту, математика негіздері, құрастыру** **Тақырыбы:** «Қасқыр мен	**Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру**.** Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым	**Ұйымдастырылған іс-ірекет** **Тақырыбы:** «Шалқан» орыс халық ертегісін оқу **Міндеттері:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және	**Міндеттері:** дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;	**Міндеттері:** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең

	жеті лақ» **Міндеттері:** Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды; ересектердің сөзін тыңдауды өз ойын айтуды үйрету. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. **ҰІӘ барысы:** **Шаттық шеңбері** : Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің. Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын қайталайды **Тосынсый.** Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Балалар, қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. **Д/ойын: «Сурет құрастыр»**	дағдыларын жетілдіру; **Жүру,жүгіру** Педагог ойыншық қоянға назар аударуды сұрайды. Спортзалда қоянмен ойнауға ұсыныс жасайды. 2. Ойыншық алып саптың алдына тұрады. Қоянды шеңбер бойымен дұрыс жүруге – бір қарқын және нық қадам басып жүруге үйретуді ұсынады. **Негізгі кезең.** Шеңбер бойымен тұру. Балалар арасындағы қашықтықты сақтауға назар аудару. **Шеңбер бойымен тұрып жалпы дамыту жаттығуларын жасау.** Негізгі қимылдарды орындау. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру – аяқтарын алшақ қойып секіру). Екі аяқтың ұшымен бір қарқынмен итеріліп, тізені жартылай бүгіп, секіріп түсуге назар аудару. **Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Қарақұлақ» (қазақтың ұлттық ойыны). Балаларға «үйшікті» көрсетеді. Ойын ережесін түсіндіреді. Балаларға жүгіргенде бір-біріне кедергі жасамау керектігін естеріне салады. **Саусақ гимнастикасы:** «Қоян» «Биік терек түбінде Секіреді ақ қоян. Оған қайың түбінен Ойнауға келді сұр қоян **Қорытындылау.** **Қоршаған ортамен таныстыру**	толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. .**Ұйымдастыру кезеңі** **Шаттық шеңбері** Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. **Негізгі кезең** **Тосынсый**. Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. «Шалқан» ертегісін. Ертегіні саусақ театры арқылы көрсете отырып, мазмұнын ашу. **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел соғып, Кіп-кішкентай ағаштар. Үп-үлкен боп өседі. **Сұрақ-жауап.** – Қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтадыңдар? – Ата көмекке кімді шақырды? *Әжені* – Әже көмекке кімді шақырды? *Немересін* – Немересі кімді шақырды? *Күшікті* – Күшік кімді шақырды? *Мысықты* – Мысық кімді шақырды? *Тышқанды*	қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; **Жүру,жүгіру.** Бір-бірден тізбекке тұру. Бірінің артынын бірі жүру. Ал енді қандай жылдам екенімізді көрсетеміз. Жүгіру. Ал енді қандай епті әрі күшті екенімізді көрсетеміз. Шеңберге тұруды ұсынады. Негізгі кезең. Бір-бірлеп сапқа тұрғызу. Бірінің артынан бірі жүреді. – Ал енді қандай шапшаң екенімізді көрсетейік. *Жүгіреді.* – Ал енді ептілігіміз бен күшімізді көрсетейік. Шеңбер бойымен тұруды ұсынады. «Қазір қонжық әрқайсымызға бір-бірден жаңғақ береді. Біз оған жаңғақпен қандай жаттығу жасауға болатынын көрсетеміз. Жаңғақтардың көмегімен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Б.қ. – аяқтары иықтарымен сәйкес қашықтықта, жаңғақ ұстаған қолдары төменде. 1-қолдарын жоғары көтереді, керіледі, жаңғақты жерге тастайды, отырады, жаңғақты жерден көтереді, түзеледі (4 рет қайталайды). Б.қ. – аяқтарын алшақ қойып отырады, қонжықты	нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. **Жүру,жүгіру.** Бір-бірлеп сапқа тұрып сылдырмақтарды қолға ұстап жүру және жүгіру – бір қарқын және нық қадамды сақтау**.** **Негізгі кезең.** **Шеңбер бойымен тұрып, сылдырмақтарды қолданып ЖДЖ жасау** Балалар арасындағы қашықтыққа көңіл аударады. **Негізгі қимылдарды орындау:** Бір-бірінен 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ашып отырып допты домалату. Екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы сапқа тұру. Бірінші қатарға допты таратады. Екі қолдың саусақтары-ның бір мезетте қимыл жасауына назар аударады. Ойын түрінде тіке бағытта төрттағандап еңбектеу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жылдамырақ шеңбер бойына тұр».** Диаметрі 4 метр шеңберді еденге қояды, екінші диаметрі 2 метр шеңберді ортасына қояды. Нұсқау – балалар бір-бірімен соқтығыспай, шеңберге жүгіріп

	Шарты: балалар кесілген суреттерден бұтын сурет құрастырады және не шыққанын атайды. Сауле:Мен сендерге ертегіні оқып берейін, ал сендер мұқият тыңдаңдар (суреттерін көрсету) Ертегінің ортасында **д/ойын: «Ешкі лақтарға қырыққабат әкелді»** Шарты: лақтармен қырыққабаттарды салыстырады. «тең», «Тең емес» «кем» сөздерін айтады. **Сергіту сәті**. (Үнтаспадан тыңдатып, қимылдар жасату) Шөре, шөре, шөлдедің бе, лағым? Сонша неге елеңдейді құлағың? Қойшы, лағым, әлде қарның ашты ма? Сен жыласаң, менің де келер жылағым. **Ертегіден үзінділерін мәнерлі айтқызу.** ***Сұрақ-жауап*** арқылы балаларды жетелеу: – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Анасы лақтарға не айтты? – Анасы қайда кетті? – Қасқыр қандай аң? - Неше лақ,-қане санайық**.** **Педагог қорытынды жасайды**. Балаларды мадақтайды. Қуыршақ Сәуле балалармен қоштасады.	**Тақырыбы: Күз** **Міндеттері:** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым **Шаттық шеңбері.** Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік **Негізгі бөлім.** Күз бізге тек жел, бұлт пен жауын ғана әкелген жоқ! Оның бізге берері көп. Сендер күзде адамдардың не істейтінін білесіңдер ме? Олар есік алдындағы бақшада не істейді? Ең алғаш рет өз беттерінше ой түюге тырысады: күзде адамдар жемістер мен көгөніс жинайды. Жемістер (үлгілерін де пайдалануға болады) салынған себеттің көмегімен балалардың танып-білуге деген қызығушылығын оятады. **2. Негізгі кезең** Балаларды себетке қандай жемістер салынғанын көруге	– Сонымен бәрі бірігіп не істеді? *Шалқанды жұлып алды* Балалар қызықтайды. – Ендеше, балалар, кейіпкерлердің атрибуттарын киіп, ертегіні сахналайық. Педагог балаларды рөлдерге бөліп, көмектеседі. Балалар сахналайды. **(қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** **Қорытындылау.**	қолдарына ұстап тізесіне қояды. 1-2 – алға қарай иіледі (тізелерін бүкпеуге тырысады) жаңғақты аяқтарының арасына қояды, 3-4 – түзеледі, шапалақтайды, 5-6 – алға қарай еңкейеді, жаңғақты алады, 7-8 – түзеледі, жаңғақты жоғары көтереді (4 рет қайталайды). – шалқалап жатады, жаңғақты екі қолда ұстап басынан жоғары көтереді. 1-2 – аяқтарын жоғары көтереді, қолдарын жоғары көтеріп алға қарай созады, табанын жаңғаққа тигізеді, 3-4 –б.қ. алғашқы кезеңге келеді (4 рет қайталайды). Қимылдың негізгі түрлері: І. «Жолдан өту» «Кәнеки, қонжықты жолдан өтуге үйретейік». Бірінен соңы бірі сапқа тұрып басты солға және оңға бұрып «жолмен» жүру (2 рет қайталайды). 2. «Жүгірейік» «Міне, біз саябаққа келдік. Бұталар арасында жүгірейік». 3. «Секірейік» «Ал енді қонжықты дұрыс секіруге үйретейік» Сызық үстінен екі аяқпен секіру. Екі аяқпен бір мезетте итеріліп секіруге назар аударамыз. Аз қозғалысты ойын: «Допты домалат» Нұсқаушы қонжықпен бірге допты қолына ұстап, шеңбердің ортасына тұрады. Ол допты әр балаға кезегімен домалатады. Ойын 2 рет қайталанады.	кіру керек. **Қорытындылау.** **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы: Құстар** **Міндеттері:** тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарынАулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. **Ұйымдастыру кезеңі** Педагог музыканың орнына құстардың шырқаған даусы жазылған үнтаспаны қосу арқылы балаларды тану үдерісіне жұмылдырады. Олардан ненің дауысын естігенін сұрайды**.(музыка)** **Негізгі кезең** Топтың бөлмесіне орналастырылған картиналарға назар аударады. Құстардың атауларын қайталайды – торғай, көгершін, қарға. Балаларға әңгімелеп береді: «Балақай, қарашы, құстардың аяқтарындағы саусақтары өте мықты, ілгіш болады. Олар құстардың ағаш бұтақтарына қонғанда құлап кетпеуіне көмектеседі». «Биік-аласа» түсінігін нығайтады. Құстарға тән құрылымдық ерекшеліктерге тоқталады – денесі, құйрығы, қанаты, аяғы. «Құстар қанатының көмегімен ұшады. Сонымен қатар олар адамдар мен аңдар сияқты

		шақырады. Күз балаларға көп қылып дәмді жемістер әкеліпті! Жемістердің атауларын біледі: алма, алмұрт. Апельсин, банан, өрік. Олардың түсі мен көлеміне тоқталады. Балаларға мынадай сұрақтар қояды: Қандай жемісті жақсы көресіңдер? Неліктен? Балалар өздерінің ұнататын жемістері жайлы әңгімелеп береді. Жаңа әсерлерге бөленеді! Тұңғыш рет өз бетінше пікір білдіруге мүмкіндік алады. **«Жұпты суреттер» дидактикалық ойыны:**Педагог балалардың назарын суреттердің жұбы барына аударады. Балаларға белгілі бір жемістің суреті бейнеленген картинаны таңдап алып, содан соң оның екінші жұбын іздеп табу туралы ұсыныс жасалады. Алманың қайда өсетінін айтып беруді өтінеді. Барлық жемістердің ағашта өсетінін түсіндіреді. Алманы мұқият қарап шығып, түсін, пішіні (доп сияқты домалақ), жеңіл, ауырлығын айтады. **Балаларды «Егін жинау» ойынына қатысуға шақырады.** Балалар жерге тасталған көлемі әртүрлі доптарды теріп, тиісті себеттерге (көлеміне қарай) салады. Түрлі түсті қағаздарды қиып алып,қағаз бетіне жабыстырайық. **(математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру,жапсыру.сөйлеуді**		**Қортындылау.** **Тақырыбы: Көгөністер – табиғаттың сыйы** **Міндеттері:**тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; **Ұйымдастыру кезеңі:** Педагог «Ғажайып қапшық» ойынының көмегімен балалардың тану үдерісіне деген қызығушылығын арттырады. Көзіміз бәрін көріп тұр, Құлағымыз бәрін естіп тұр. Педагог балаларға «ғажайып қапшық» бүгін не туралы сөз болатынын табуға көмектесетінін айтады. «Менің қолымдағы қапты көріп тұрсыңдар. Ол жай қап емес, ғажайып қапшық. Қолдарыңды салып, ілінген затты алып шығыңдар». Балалар қолдарын қапқа салып, қолына түскен затты (үлгіні) алып шығады және атауын атап береді. Ойынға қызығушылық танытады. **Негізгі кезең** Балалардың назарын көгөніс салынған себетке аударады. Мұқият қарап шығып, көгөністердің атауларын айтып беруге шақырады. Ең алдымен қиярды алып шығады.	кішкентай аяқтарының көмегімен жүре алады. Құстар жерге қонғанда тамақ іздейді (сол кезде көгершінге тамақ беруге болады)». Құстарды бір-бірімен салыстырады: қарға үлкен, көгершіннің көлемі орташа, ал, торғай кіп-кішкентай. «Қараңдаршы, балалар, қарғаның тұмсығы қандай үлкен!» Барлық құстарды санайықшы. «Ал торғай өте пысық. Ол жерге ұшып-қонып, тамақ іздеп жүр. Өзі сондай кішкентай әрі қорғансыз. Шамасы, ол мысықтан қатты қорқатын болса керек». Педагогтің көмегімен торғайды суреттейді: кішкентай құс, басы домалақ, қанаттарының түсі сұр, тұмсығы үшбұрышты, қызыл түсті болып келеді. Балалардың назарын құстардың қауырсындарына аударады. Мұқият танысып шығуды сұрайды. Құстар бейнеленген суреттерді қарап шығады. **Сергіту сәті** Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды**.** **(математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** **Қимылды ойын:Ұшты-ұшты.** **Қорытындылау.**

		дамыту,көркем әдебиет) **Балаларды мадақтау.** **Қорытындылау.**		– Қияр – аса үлкен емес, сопақша пішінді, жасыл түсті көгөніс. Жап-жасыл, сопақ дақыл Жерде жатыр. Дер кезінде жинамасаң, Сарғайып кетер батыр. (Қияр) Содан соң сәбізді алады. – Сәбіз – сырты тегіс, ұзын, сарғыш түсті көгөніс. Ұзын құйрығы бар. Сәбіз туралы тақпақ оқиды. Көгөніс бұл қалаулы, Жасамас онсыз палауды. Көгөністің атауын атайды. – Қызанақ – қызыл түсті көгөніс. Ол домалақ, алмаға ұқсайды. Бақшада жүйекті бойлай егіледі. Піскен кезде қызанақ, Көз тартар қызыл түсімен. Бар ма адам сүйсінбей Томат шырынын ішпеген? Одан кейін қызанақты зерттейді. Көгөністің атауын атайды (сөздер мен тіркестерді қайталайды). Алған әсерлерін білдіреді. Балалардан бір тілім көгөністен дәм татып, оның қандай көгөніс екенін айтып беруді сұрайды.Ал қәне балалар қағаз бетіне қызанақтың суретін жапсырайық. **Сергіту сәті** **«Сәбіз өсіп шықты»** Алдымен жерге кішкентай тұқым егілді *(балалар тізесін бүгіп отырады).* Күн оны жылуға бөлеп,	

				аялады, жауын суарды. Сәбіз күн санап өсе бастады. *(Балалар ақырындап орындарынан тұрады).* Сәбіздің жап-жасыл жапырақтары өсіп шықты. *(Қолдарын жоғары көтереді).* Сәбізді жұлатын кез келді. **Үлестірме парағындағы суреттермен ойнауға шақырады.**Тапсырманы педагогтің көмегімен орындайды: Қоян байқамай көгөністер мен жемістерді шатастырып алды. Оған көмектесіп жібер. Көгөністер қайда? Олардың атаулары қандай? **(математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру,жапсыру.сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет) Қорытындылау.**	
Серуенге дайындық	Ретімен киім киюге үйретуды жалғастыру. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	**Серуен №6 Ұшып кететін құстарды бақылау**	**Серуен №7 Желді бақылау**	**Серуен №8 Үйеңкі ағашын бақылау**	**Серуен №9 Жүк көліктерін бақылау**	**Серуен №10 Терек ағашын бақылау**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру)**				
Түскі ас	“Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты” деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету;(**сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**	тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. **(көркем әдебиет)**	«Ұртоқпақ» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. **(көркем әдебиет)**	«Кім мықты?» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату. **(музыка)**

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**№5** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. "Құстар оянды»	**№6** Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	**№7** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**Ұйқыдан ояту жаттығу кешені** **№8** Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	**Ұйқыдан ояту жаттығу кешені** **№9** Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. **мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **көркем әдебиет**	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. **мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Қазақстан туралы әңгімелесу". **Мақсат-міндеттері.** Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**Сюжеттік ойын:»Аспазшы»** **Міндеттері:** Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**	**Қимылды ойын: «Қояндар»** **Міндеттері:** Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). **Физикалық қасиеттерді дамыту**	**Сюжеттік ойын: «Жолаушылар»** **Міндеттері:** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**Адаптивтік компанент.** **Тақырыбы:** «Кішкентай ақылды балапан» Ойын арқылы эмоционалды көңіл-күйін жақсарту және ойын әрекетіне қатысуға деген қызығушылығын ояту. Төрт тағандап жүруге, допты бір - біріне қарай айналдыруға, жүгіруге, екі аяқпен орнынан секіре білуге үйретуді жалғастыру. **Қимылды ойын:** «Көбелектер, бақалар» **Ойын шарты:** Балалар бірінен соң бірі бағандармен жүреді. Ересек адамның белгісі бойынша «көбелектер» тоқтап, қолдарын екі жаққа көтереді. Жүруді жалғастырыңыз. Белгі бойынша «Бақа» тоқтап, тізесін қолымен қысып, еңкейді. **Ереже:** алдындағысына соғылмай тез тоқтаңыз; иілу, тепе -теңдікті жоғалтпау.
Балалармен жеке жұмыс	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Қарқынды өзгертіп жүреді,	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.**Жеке дауысты және дауыссыз	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.**Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп,	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** Қарапайым құрылысты үлгі	**Раяна, Наруль, Хамза, Муслима, Мустафа, Саид, Нұрислам, Әдия-Бегім, Айым, Сая, Мейіржан жеке жұмыс.** заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен

	жүгіреді (**физикалық қасиеттерді дамыту**)	дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуды үйрету**(коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру)**	тапсырмаларды орындауға үйрету. (**танымдық және зияткерлік дағдылары**)	бойынша құрастыруды үйрету. **(шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)**	таниды **(әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
